

Жаркент гуманитарлық – техникалық колледжі

Колледж директорының
тәрбие ісі- жөніндегі орынбасары
_____Н.Диханбаева

Ғасырда бір туатын дарабоз

(Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналған
1-2 курс студенттері арасында әдеби-сазды сайыс)
«Мұқағалитану» үйірмесі

Үйірме жетекшілері: А.Нурбекова
Ә.Шәріпбаева

**Қазақ поэзиясының дарабозы Мұқағали Мақатаевтың туған күніне
арналған «ҒАСЫРДА БІР ТУАТЫН ДАРАБОЗ» атты әдеби-сазды
сайыстың**

ІС- ШАРА ЖОСПАРЫ

Р/с	Жұмыстың мазмұны	Түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	Кештің өтілу барысын жоспарлау	Жоспарлау	26.01.2019 жыл	Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы Шәріпбаева Ә.Т Нұрбекова А.М
2	Кешке қатысатын топтарды іріктеу	Іріктеу	27.01.2019 жыл	Шәріпбаева Ә.Т Нұрбекова А.М
3	Сценарий жазу	Бекіттіру	28.01.2019 жыл	Шәріпбаева Ә.Т Нұрбекова А.М
4	Жыр кешенінің шарттары	Табыстау	28.01.2019жыл	Шәріпбаева Ә.Т Нұрбекова А.М
5	Топтарды дайындау, дайындығын үнемі қадағалау	Дайындау	Ақпан айы	Шәріпбаева Ә.Т Нұрбекова А.М
6	Музыкалық аппаратура	Дайындық тексеру	07.02.2019 ж	Құлжабеков Д. Исабекова А.
9	Жалпы дайындық барысын қадағалау	Тексеру	08.02.2019 ж	Шәріпбаева Ә.Т, Нурбекова А.М.
10	Сахналық безендіру, құжаттарды дайындау	Әзірлеу	08.02.2019 ж	Шәріпбаева Ә.Т. Нұрбекова А.М.

11	Әдеби-сазды кештің өтетін күнін белгілеу	өткізу	11.02.2019ж	Шәріпбаева Ә.Т, Нұрбекова А.М.
----	--	--------	-------------	-----------------------------------

**Қазақ поэзиясының дарабозы Мұқағали Мақатаевтың
туған күніне арналған 1-2 курстар арасында өтетін
«Ғасырда бір туатын дарабоз» атты әдеби-сазды
сайыстың сценаріі**

Сайыстың шарттары:

Топтарды таныстыру: 1-2 курс студенттерінің топ атаулары, эмблемасы, киім үлгісі ескеріледі. (1-5 ұпай)

I кезең : «Менің пірім - Мұқағали» айдарында 2 студент Мұқағали өлеңін ой кестесіне сай мәнерлеп оқиды, жүріс-тұрыс мәдениеті, өзін сахнада ұстауы ескеріледі. (1-5 ұпай)

II кезең: «Жырлайды жүрек» айдарында 1 студент Мұқағалидың сөзіне жазылған 1 әнін орындайды (1-5 ұпай)

III кезең: Үй тапсырмасы. Мұқағали шығармаларынан сахналық қойылым 5-7 минут (1-5 ұпай)

Топтардың дайындығына жауапты: Шәріпбаева Ә.Т

Ескерту:

1. Әр топқа ат қою, эмблема дайындау
2. Сырт бейнесіне киіміне топ кураторлары жауапты
3. 07.02.2019 ж. Сағат 11.00 де Акт залында жалпы дайындық өтеді.

Қазақ поэзиясының дарабозы Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналған «Ғасырда бір туатын дарабоз» атты әдеби сайыс

Сайыстың мақсаты:

Студенттерге Мұқағали Мақатаев поэзиясының өміршендігін таныту, ақындық талантын насихаттау, сөз өнеріне сүйіспеншілігін арттыру.

Ақын сөзіне жазылған әндермен рухани сусындау, әсемдікке баулу.

Ақынның өмірі мен шығармашылық жолының қыр-сырын зерттеу, оның поэзиясының табиғатын даралай, саралай отырып, өзіндік ерекшелігіне көңіл аударту.

Мұқағали поэзиясы арқылы студенттерді туған жерін, елін сүйуге, шынайы патриотизмге баулу.

Көрнекі құралдар: Ақын портреті, видео-роликтер, техникалық құрал-жабдықтар, аудио аппаратура.

Жоспары:

1. Мұқағали Мақатаевтың даусымен (бейне таспа тыңдау)
2. Мәнерлеп оқу. Поэзия
3. Ақын сөзіне жазылған әндер.
4. Мұқағали Мақатаевтың шығармаларынан сахналық қойылым.

Сахнада тыныштық. Үнтаспадан Мұқағали ақынның өз даусымен «Есіңе мені алғайсың» өлеңі естіледі. 2-шумақтан соң, өлеңді 1-жүргізуші жалғастырады.

1 – жүргізуші: Армысыздар, құрметті өлең сүйер қауым! Ия, бүгін Мұқағали ақынды еске алу, оның Хантәңіріндей асқақ жырларына тағы да табыну, тамсану күні. Жыл керуені алға жылжыған сайын Мұқағали Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырап, айшықтала түсуде. Абай үндес Мұқағалидай перзенті бар халық - шынымен бақытты халық.

2 – жүргізуші: Ақынмын деп мен қалай айта аламын.

Халқымының өз айтқанын қайталадым

Күпі күйген қазақтың қара өлеңін

Шекпен жауып өзіне қайтарамын.

Құрметті Мұқағалитану үйірмесі аясында өткізіліп отырған мерекеге жиналған қауым, бүгін біз қазақ поэзиясының өткір де тұщымды тіл құралының құндылығы мен өзектілігіне мән бере отырып, көркемсөз шебері Мұқағали туындыларының «Менің жүрегімдегі орны мен тұлғалық болмысыма ықпалы қандай?» деген сұрақтарға жауап табуға мүмкіндік аламыз. М.Мақатаев - ең алдымен халық ақыны, қазақ жырының шоқ жұлдызы, сұлулық сарайының шебер тасқалаушысы.

1-жүргізуші: Сырым да – осы. Жырым да – осы алдында

Байқалып бір, бықсыдым ба, жандым ба?

Махандар жоқ, Махандардың сарқыты –

Мұқағали Мақатаев бар мұнда!

Сайысымызды бастап беру үшін, бүгінгі Мұқағали поэзиясын жалғастырушы шәкірттерге оң сапар тілеу мақсатында колледж директоры Баян Нүсіпбекқызына сөз беріледі.

2-жүргізуші:

Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,

Жыр жазсам, жұртым оған елең дестің.

Өлсе өлер, Мұқағали Мақатаев

Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім!- деп ақын өзі жырлағандай оның өлеңі өмірден кетсе де өшпей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.Ендеше, бүгінгі жыр додасына қатысушыларды қарсы алайық

101-

102-

103-

104-

105-

106-

107-

201-

202-

203-

204-

206-

207-

210-

211-

2-жүргізуші: Бүгінгі жыр додасына қазылық жүргізетін сарапшы әділ-қазыларды таныстырып өтейік.

1-жүргізуші: Колледж директоры Сауранбаева Баян Нүсіпбекқызы

2-жүргізуші: Директордың ғылыми ісі жөніндегі орынбасары- Құрабалдиева Клара Бабашқызы

1-жүргізуші: Музыка пәнінің оқытушысы Исабекова Алма Тоқбайқызы

2-жүргізуші: Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы Кусайынова Күланда Ешетақызы

1-жүргізуші: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Діқанбаева Нұршат Қайратқызы

2-жүргізуші: Қымбатты қонақтар! «Мұқағалитану» үйірмесінің қатысушылары «Мұқағали мәңгілік ғұмыр» деге тақырыпта эссе жазған болатын. Қымбатты қазылар, эсселер сіздердің алдыларыңызға қойылды, 1-5 балға дейінгі баға эссе мазмұны мен көркемдігіне де қойылатынын ескертеміз.

1-жүргізуші: Мен сенің үніңменен үндесемін,
Мен сенің тіліңменен тілдесемін.
Сауық құрып бойында бір көшенің
Болашағым, сен тұрсаң, мен де өсемін –

деп болашағына сеніммен қараған еді ақиық ақын, олай болса, жыр додасының кезеңдерімен таныстырып өтейік.

2-жүргізуші: I кезең. «Менің пірім- Мұқағали» айдарында әр топтан 2 студент Мұқағали өлеңін ой кестесіне сай мәнерлеп оқиды, жүріс- тұрыс мәдениеті, өзін сахнада ұстауы ескеріледі (1-5 ұпай)

1-жүргізуші: II кезең «Жырлайды жүрек» айдарында 1 студент Мұқағалидың сөзіне жазылған бір ән орындайды. (1-5 ұпай)

2-жүргізуші: IV кезең « Үй тапсырмасы: сахналық қойылым» 5-7 минут (1-5 ұпай)

1-жүргізуші:

Мен сенің үніңменен үндесемін,

Мен сенің тіліңменен тілдесемін.

Сауық құрып бойында бір көшенің,

Болашағым, сен тұрсың мен де өсемін,- деп болашағына сеніммен қарған еді ақиық ақын. Ендеше 1 кезең « Менің пірім- Мұқағали» айдарын бастайық. (жүргізушілер әр топты шақырады)

2- жүргізуші:

Дүниеден өтті қанша ұлылар,

Ұлылар да уақытпен құбылар.

Сиқырыңды зерттеп бітпес біз үшін,

Бір өзің, бір құбылыссың сыры бар,-деп Қанипа ақын Мұқағалиды еске алған екен.

1-жүргізуші: Қазақ халқының бір ғана Абайы болса, Мұқағалиы да жалғыз. «Естеліктер» кітабындағы Нұрғиса Тілендиев айтқан мына әңгімесін тыңдалық:«Мұқағали дүниеден өткен соң, қатты күйзелдім»- дейді ол. Жүрегім әлсіреп, екі айға жуық емханада жаттым. Арада екі ай өткен соң, жұмысқа киетін бешпетімнің қалтасынан хат шықты. Мұқағалидың хаты екен. Онда ол « Аға, мен ғой. Дертім қозып барады. Не боларын білмеймін. Мынаған назар аударып көрерсіз. Ақын өзі емханада қатты ауырып жатқанда маған жіберген сол өлеңі « Есіңе мені алғайсың» болатын. Жаным күйзеліп отырып, ақын інім көз жұмғаннан кейінгі екінші айдың ауыр бір күнінде әлгі өлеңге ән жаздым,»- дейді сазгер. Ендеше, құлақтан кіріп бойды алар әсем әнге кезек берсек.

Келесі кезеңіміз « Жырлайды жүрек» айдарын бастайық

.....
(Жүргізушілер әр топты шақырады)

101-

102-

103-

104-

105-

106-

107-

201-

202-

203-

204-

206-

207-

210-

211-

(Өнер көрсетке соң әділ-қазылар алқасынан ұпай көрсетуін сұрайды)

2-жүргізуші: Ардақты, өнер сүйер қауым! Ақынның өмірі мен өрлеген өнері табиғат анамен үндесіп жатқандай.

1-жүргізуші: Оған куә - оның туған жерінде, Хан Тәңірінің қарсысында пайда болған ақынның табиғи кескіні

2-жүргізуші:

Қандай ғана анадан туады адам,

Сәбилердің ұйқысын қуалаған.

О, тыныштық! Тыныштық қандай рақат,

Қандай рақат сәбилер жыламаған!

Мұқағали- махаббат жаршысы. Ол махаббатты асқақтата жырлайды.

Махаббатты сөзбен емес, жүрекпен жазады. Келесі кезеңіміз ақын шығармаларының желісі бойынша дайындаған сахналық қойылымға кезек берсек.

.....

(жүргізушілер әр топты шақырады, өнер көрсеткен соң әділ-қазылар алқасынан ұпай көрсетуін сұрайды)

1-жүргізуші: Тарих дөңгелегі алға жылжыған сайын Мұқағали өлеңдері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, мирас болып, егеменді еліміздің аспанында қыран құстай самғауда.

2-жүргізуші:

...Тірлігінде шекпен кимей, шен алмай,

Еңбегінің қызығын да көре алмай.

От боп жанып өтіп кеткен ақынға,

Мәңгілік қып өмір берген өлеңді-ай,- деп жерлесіміз Айтақын ақын жырлағандай, халқы барда ақынның өлеңі мәңгі жасайды

1-жүргізуші: Жалғасы бар

Жырымның жалғасы бар.

Жырларым жылдарменен

Жалғасындар – деп ақиық ақын айтқандай Мұқағали үні мәңгілік жалғасуда.

Ендеше, ортаға Мұқағали поэзиясын жалғастырар жас өрен Станбаев Мирас Қайратұлын ортаға шақырайық.

2-жүргізуші: Осымен 1 және 2 курстар арасында өткен «Ғасырда бір туатын дарабоз» атты әдеби сазды сайысымыз өз мәресіне жетті. Қазылар алқасының шешімі дайын болса, сөз сіздерде.

(Әділ-қазылар алқасы қатысушыларды марапаттайды және әр топқа сый-сияпаттарын табыстайды)

1-жүргізуші: Құрметті өнер сүйер қауым! Зейін қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет. Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!

**Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналған
«Ғасырда бір туатын дарабоз» атты көркемөнер сайысының
БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ
(бағалау өлшемі: 1-5 балл)**

Әділ қазы _____

Топ	эбмлемасы, топ атауы, сырт келбеті	«Менің пірім- Мұқағали» мәнерлеп оқу сайысы	«Жырлайды жүрек» ақынның сөзіне жазылған ән	Үй тапсырмасы: Мақатаев шығармаларына сахналық қойылым	Үй тапсырмасы: мәтінмен жұмыс, эссе	Қорытынды балл
101						
102						
103						
104						
105						
106						
107						
201						
202						
203						
204						
206						
207						
208						
209						
210						
211						